| 4.4 | С учетом Статьи 4.2, никакая ссылка на ценовое предложение или тендерную заявку, или иное предложение Поставщика не подразумевает принятие каких-либо условий или положений, содержащихся в таком документе, если такой документ не является частью настоящего Договора Поставки. Никакие дополнительные условия, включаемые в любые счета/инвойсы, подтверждения или другую корреспонденцию, выдаваемую Поставщиком, не применимы к настоящему Договору Поставки даже в случае их подписания Покупателем.                                                                                           | 4.2-бапты ескере отырып, баға ұсынысына немесе тендерлік өтінімге немесе Жеткізушінің өзге де ұсынысына ешбір сілтеме, егер мұндай құжат осы Жеткізу шартының бір бөлігі болып табылмаса, осындай құжатта қамтылған қандай да бір талаптарды немесе ережелерді қабылдауды білдірмейді. Жеткізуші беретін кез келген шоттарға/инвойстарға, растамаларға немесе басқа да хат-хабарламаға енгізілетін ешқандай қосымша талаптар Сатып алушы оларға қол қойған жағдайда да осы Жеткізу шартына қолданылмайды.                                                                               |
| 4.5 | Условия настоящего Договора Поставки, Приложения-инструкции и Приложения к Договору Поставки по своему предназначению являются дополняющими и везде, где это возможно, толкуются в качестве взаимодополняющих документов. Вместе с тем, в случае любого противоречия, несоответствия, неясности смысла или непоследовательности между Детальями Заказа, Условиями и условиями любого Приложения-инструкции или Приложения, или иной составной части настоящего Договора Поставки, составные части настоящего Договора Поставки имеют следующий порядок приоритета от более высокого к более низкому: | Осы Жеткізу шартының, Нұсқаулық-қосымшалардың және Жеткізу шартына жасалған қосымшалардың талаптары өзінің мақсаты бойынша толықтырушы болып табылады және бұл мүмкін болған жерде өзара толықтыратын құжаттар ретінде түсіндіріледі. Сонымен бірге, Тапсырыс деректерінің, кез келген Нұсқаулық-қосымшаның немесе Қосымшаның талаптары мен шарттарының немесе осы Жеткізу шартының өзге де құрамдас бөлігінің арасындағы кез келген қайшылықтар, сәйкессіздіктер, мағынаның түсініксіздігі немесе сәйкессіздік жағдайында жоғарыдан төменгіге қарай басымдықтың келесі тәртібі болады: |
| a)  | Детали Заказа                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Тапсырыс деректері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| b)  | Заказ на отгрузку Товара (при наличии)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Тауарды жөнелтуге тапсырыс (болған жағдайда)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| c)  | Особые положения и условия (при наличии)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Ерекше ережелер мен талаптар (болған жағдайда)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| d)  | Приложение А – Общие условия Договора Поставки                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | А-қосымшасы – Жеткізу шартының жалпы талаптары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| e)  | другие Приложения (при наличии)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | басқа Қосымшалар (болған жағдайда)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| f)  | Приложения-инструкции:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Нұсқаулық-қосымша:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| i   | Приложение-инструкция 1. Инструкция по выставлению счетов                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | 1-қосымша-нұсқаулық. Шоттарды ұсыну жөніндегі нұсқаулық                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| ii  | Приложение-инструкция 2. Требования к Чертежам и Данным Поставщика (при наличии)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | 2-қосымша-нұсқаулық. Жеткізушінің Сызбаларына және Деректеріне қойылатын талаптар (болған жағдайда)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| iii | Приложение-инструкция 3. Технические спецификации (при наличии)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | 3-қосымша-нұсқаулық. Техникалық ерекшеліктер (болған жағдайда)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |





|      |                                                                                          |                                                                                              |
|------|------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|
| iv   | Приложение-инструкция 4. Инженерно-технические условия (при наличии)                     | 4-қосымша-нұсқаулық. Инженерлік-техникалық талаптар (болған жағдайда)                        |
| v    | Приложение-инструкция 5. Списки технических данных (при наличии)                         | 5-қосымша-нұсқаулық. Техникалық деректердің тізімі (болған жағдайда)                         |
| vi   | Приложение-инструкция 6. Запасные части для пусконаладки (при наличии)                   | 6-қосымша-нұсқаулық. Іске қосу-баптауға арналған қосалқы бөлшектер (болған жағдайда)         |
| vii  | Приложение-инструкция 7. Инструкции по упаковке, маркировке и отгрузке (Инструкции PM&S) | 7-қосымша-нұсқаулық. Қаптау, таңбалау және тиеу жөніндегі нұсқаулық (PM&S нұсқаулық)         |
| viii | Приложение-инструкция 8. Форма Упаковочного листа                                        | 8-қосымша-нұсқаулық. Қаптау парағының үлгісі                                                 |
| ix   | Приложение- инструкция 9. Форма – Список крупных узлов оборудования (при наличии)        | 9-қосымша-нұсқаулық. Үлгі – Жабдықтың ірі тораптарының тізімі (болған жағдайда)              |
| g)   | Спецификации, чертежи и другие документы, указанные в Договоре Поставки (при наличии)    | Жеткізу шартында көрсетілген ерекшеліктер, сызбалар және басқа да құжаттар (болған жағдайда) |
| h)   | Детали поставки в Коммерческом предложении.                                              | Коммерциялық ұсыныстағы жеткізу деректері.                                                   |

## 5 СУММА ДОГОВОРА ПОСТАВКИ / ЖЕТКІЗУ ШАРТЫНЫҢ СОМАСЫ

|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 5.1 | Если иное не указано в Деталиях Заказа или Особых Условиях, все ставки, цены, наценки и другие условия, которые формируют Сумму Договора Поставки, являются фиксированными и не подлежат корректировке в связи с увеличением или уменьшением стоимости рабочей силы, товаров, отгрузки, транспортировки, упаковки, обработки и другими изменениями или в связи с колебаниями валютных курсов. Сумма указана без учета НДС, если иное не указано в Деталиях Заказа, и включает в себя следующее: | Егер Тапсырыс деректерінде немесе Ерекше талаптарда басқасы көрсетілмесе, Бағаны қалыптастыратын барлық мөлшерлемелер, бағалар, үстеме бағалар және басқа да талаптар бекітілген болып табылады және жұмыс күші, тауарлар, тиеп-жөнелту, тасымалдау, буып-түю, өңдеу құнының ұлғаюына немесе азаюына байланысты немесе валюта бағамдарының ауытқуларына байланысты түзетілмейді. Егер Тапсырыс деректерінде басқасы көрсетілмеген болса, сома ҚҚС-сыз көрсетіліп, келесілерді қамтиды: |
| a)  | Все расходы, понесенные Поставщиком в отношении Поставки Товаров согласно Условиям Поставки, включая, без ограничений, все роялти и лицензионные сборы, стоимость транспортировки Товаров Покупателю, обеспечение техники безопасности, охраны труда, здоровья и защиты окружающей среды согласно Условиям Поставки;                                                                                                                                                                            | Жеткізу талаптарына сәйкес Тауарларды Жеткізуге қатысты Жеткізуші жұмсаған барлық роялти мен лицензиялық алымдарды, салықтарды, Сатып алушыға Тауарларды тасымалдау құнын, Жеткізу талаптарына сәйкес қауіпсіздік техникасын, еңбекті, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуді қоса алғанда барлық шығыстар;                                                                                                                                                        |
| b)  | Налоги, обязательные платежи в бюджет, платы и сборы, Предусмотренные законодательством Республики Казахстан;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған салықтар, бюджетке міндетті төлемдер, алымдар;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| c)  | Запасные части для пусконаладки, включенные в Приложение-инструкцию 6;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | 6-Қосымша-нұсқаулыққа енгізілген іске қосу-баптауға арналған қосалқы бөлшектер;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| d)  | Таможенные пошлины, акцизы и другие подобные сборы (любое снижение или возмещение таможенных пошлин или акцизов действует в пользу Покупателя) в соответствии с Условиями Поставки;                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Жеткізу талаптарына сәйкес кедендік баждар, акциздер және басқа да осындай алымдар (кедендік баждарды немесе акциздерді кез келген төмендету немесе өтеу Сатып алушының пайдасына қолданылады);                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| e)  | Расходы на проведение всех встреч, подготовку чертежей, документации, руководств по установке, проведение заводского осмотра, заводских испытаний, подготовку отчетов по испытаниям методом неразрушающего контроля, актов испытаний и справочников кодов, указанных в Договоре Поставки;                                                                                                                                                                                                       | Барлық кездесулерді өткізуге, сызбаларды, құжаттаманы, орнату жөніндегі нұсқаулықтарды дайындауға, зауыттық қарап тексеруді, зауыттық сынақтарды жүргізуге, бұзбай бақылау әдісімен жасалған сынақтар бойынша есептерді, Жеткізу шартында көрсетілген сынақ актілері мен код анықтамалықтарын дайындауға байланысты шығыстар;                                                                                                                                                          |
| f)  | Ни при каких обстоятельствах Поставщик не имеет права на дополнительную оплату в результате предпринятых им действий, которые не соответствуют условиям Договора Поставки.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Жеткізушінің ешбір жағдайда өзі қабылдаған, Жеткізу шартының талаптарына сәйкес келмейтін іс-әрекеттер салдарынан қосымша ақы алуға құқығы жоқ.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |

## 6 СРОКИ, ГРАФИК, ОТВЕТСТВЕННОСТЬ / МЕРЗІМДЕР, КЕСТЕ, ЖАУАПКЕРШІЛІК

|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 6.1 | Поставщик должен выполнить поставку Товаров в Пункт Поставки, в день Согласованной даты Доставки, указанной в Деталиях Заказа или в Заказе на отгрузку. Поставка Товара по настоящему Договору поставки должна быть осуществлена Поставщиком в соответствии с условиями, указанными в Деталиях Заказа или Заказе на отгрузку. | Жеткізуші Тауарларды Жеткізу орнына Тапсырыс деректерінде немесе Жөнелту тапсырысында көрсетілген Келісілген жеткізу күні жеткізуді орындауы тиіс. Жеткізуші осы Жеткізу шарты бойынша Тауарды Тапсырыс деректерінде немесе Жөнелту тапсырысында көрсетілген талаптарға сәйкес жеткізуі тиіс. |
| 6.2 | Допускается досрочная поставка товаров                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Тауарларды мерзімнен бұрын жеткізуге рұқсат етіледі.                                                                                                                                                                                                                                          |
| 6.3 | Срок является существенной составляющей обязательств Поставщика. Поставщик направляет Покупателю незамедлительное Уведомление в любом случае не позднее 10 (десяти) календарных дней с момента наступления любого действия, события или условия, которые:                                                                     | Мерзім Жеткізушінің міндеттемелерінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Жеткізуші Сатып алушыға кез келген іс-әрекет, оқиға немесе талаптар басталған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей кез келген жағдайда дереу Хабарлама жібереді, ол:                            |
| a)  | по ожиданиям, приведут к задержке доставки; и/или                                                                                                                                                                                                                                                                             | болжамдар бойынша жеткізу мерзімі кешіктірілетін; және / немесе                                                                                                                                                                                                                               |
| b)  | могут дать Поставщику основания для запроса на корректировку Согласованной даты Доставки. В течение 10                                                                                                                                                                                                                        | Жеткізушіге Келісілген жеткізу күнін түзетуге сұрау салу үшін негіздеме бере алады. Жеткізуші Хабарлама берген сәттен бастап                                                                                                                                                                  |



|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|      | (десяти) календарных дней с момента предоставления Уведомления Поставщиком, он должен обосновать свою претензию информацией, протоколами и документацией, в разумных пределах необходимыми и удовлетворительными для Покупателя и подлежащими проверке Покупателем. Если Поставщик не предоставит Уведомление или подтверждающие документы в течение такого срока, Покупатель имеет право отказать в рассмотрении запроса Поставщика на любые корректировки Согласованной даты Доставки или компенсацию. | 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ол өзінің наразылығын Сатып алушының тексеруіне және Сатып алушы үшін қолайлы болып табылатын қажетті және қанағаттанарлық шекте ақпаратпен, хаттамалармен және құжаттамамен негіздеуі тиіс. Егер Жеткізуші осындай мерзім ішінде Хабарламаны немесе растайтын құжаттарды ұсынбаса, Сатып алушы Жеткізушінің Келісілген жеткізу күніне кез келген түзетулерді немесе өтемақыны қараудан бас тартуға құқылы.                                                                                   |
| 6.4  | Если Покупатель согласен на корректировку графика/Согласованной даты Доставки согласно Статье 20, то срок остается существенным условием в отношении продленных сроков.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Егер Сатып алушы 20-бапқа сәйкес кестеге/Келісілген жеткізу күніне түзету енгізуге келісімін берсе, онда мерзім ұзартылған мерзімдерге қатысты айтарлықтай талап болып қалады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 6.5  | Поставщик обязан, после консультации с Покупателем и без ограничения прав или средств защиты Покупателя согласно Статьям 6, 13 и 26, принимать такие меры по исправлению ситуации, которые необходимы для ускорения доставки Товаров, с тем чтобы Товары были доставлены, насколько это возможно, в день Согласованной даты Доставки или максимально близко к ней, и смягчать последствия любых задержек.                                                                                                | Жеткізуші Сатып алушымен келісімге келгеннен кейін 6, 13 және 26-баптарға сәйкес Сатып алушының құқықтары мен қорғау құралдарын шектеместен, Тауарлардың Келісілген жеткізу күнінде немесе оған барынша жақын күндері жеткізілуін қамтамасыз ету үшін Тауарларды жеткізуді жеделдету үшін қажетті жағдайды түзету бойынша шараларды қабылдауға және кез келген кідірістердің салдарын жеңілдетуге міндетті.                                                                                                                  |
| 6.6  | Если Поставщик не может совершить поставку в пределах сроков, предусмотренных в Договоре Поставки, или в пределах сроков, измененных согласно любым Изменениям в Договор Поставки, то, кроме случаев, когда задержка вызвана собственными действиями или бездействием Покупателя, Покупатель может, по своему выбору, потребовать от Поставщика совершения действий, указанных в Статьях 6.5 и 6.9, и применить неустойку за задержку доставки в соответствии со Статьей 6.7 (в случае применимости).    | Кешіктіру Сатып алушының өз іс-әрекеттерінен немесе әрекетсіздігінен туындаған жағдайларды қоспағанда, егер Жеткізуші Жеткізу шартында көзделген мерзімдер шегінде немесе Жеткізу шартына енгізілген кез келген өзгерістерге сәйкес өзгертілген мерзімдер шегінде жеткізуді жасай алмаса, Сатып алушы өз таңдауы бойынша Жеткізушіден 6.5 және 6.9-баптарда көрсетілген іс-әрекеттерді орындауын талап ете алады және 6.7-бапқа сәйкес (қолданылатын жағдайда) жеткізуді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбын қолдана алады. |
| 6.7  | За нарушение сроков поставки Товара (то есть несоблюдение Согласованной даты Доставки) Покупатель вправе предъявить, а Поставщик обязуется уплатить Покупателю неустойку согласно следующим ставкам и лимитам. При этом Стороны согласны, что любые суммы, подлежащие уплате в соответствии с настоящей Статьей 6, являются справедливыми и разумными;                                                                                                                                                   | Тауарларды жеткізу мерзімін бұзғаны үшін (яғни Келісілген Жеткізу мерзімін сақтамағаны үшін) Сатып алушы талап етуге құқылы, ал Жеткізуші Сатып алушыға келесі мөлшерлемелер мен лимиттерге сәйкес тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді. Бұл ретте, Тараптар осы 6-бапқа сәйкес төлеуі тиіс кез келген сомаларды әрі қолайлы болып табылатынымен келіседі;                                                                                                                                                                |
| a)   | За задержку предоставления Требований к Чертежам и Данным Поставщика (VDDR), как указано в Договоре Поставки: сумму в размере 100 000,00 (сто тысяч) тенге за каждый календарный день, но не более 10 (десяти) % от Суммы Договора                                                                                                                                                                                                                                                                       | Жеткізу шартында көрсетілгендей Жеткізушінің Сызбалары мен Деректеріне (VDDR) қойылатын талаптарды ұсынды кешіктіргені үшін: әрбір күнтізбелік күн үшін 100 000.00 (бір жүз мың) теңге мөлшеріндегі соманы, бірақ Шарт Сомасының 10%-ынан аспайды;                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| b)   | За задержку доставки Товаров (включая любую часть Товаров): сумму в размере 1 (один) % от той части Суммы Договора Поставки, которая относится к задержанным Товарам, за каждый календарный день просрочки, если положениями настоящего Договора Поставки не предусмотрено продление, но не более 10 (десяти) % от цены таких Товаров.                                                                                                                                                                   | Тауарлар жеткізуді кешіктіргені үшін (Тауарлардың кез келген бөлігін қоса алғанда): егер осы Жеткізу шартының ережелерінде ұзарту көзделмесе, мерзімі кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Жеткізу шарты сомасының кешіктірілген тауарларға қатысты бөлігінің 1 (бір) % мөлшеріндегі сома, бірақ мұндай Тауарлар бағасының 10 (он) %-нан аспайды.                                                                                                                                                                        |
| 6.8  | Ответственность Поставщика за несвоевременную доставку в течение 60 (шестидесяти) календарных дней после Согласованной(ых) даты(дат) Доставки (Дата Длительной Задержки Доставки) ограничивается размером неустойки, указанной в Статье 6.7 б). Покупатель оставляет за собой право по собственному усмотрению отказаться от применения к Поставщику части или полной суммы неустойки за задержку доставки.                                                                                              | Жеткізушінің Келісілген жеткізу күнінен (күндерінен) кейін 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде уақытылы жеткізбегені үшін жауапкершілігі (Жеткізудің ұзақ кідірілген күні) 6.7- б)-бабында көрсетілген тұрақсыздық айыбының мөлшерімен шектеледі. Сатып алушы өз қалауы бойынша Жеткізушіге жеткізуді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбының бір бөлігін немесе толық сомасын қолданудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.                                                                                                    |
| 6.9  | После наступления Даты Длительной Задержки Доставки, Покупатель, без ограничения каких-либо иных средств правовой защиты, имеющихся у него в соответствии с Законами, вправе:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Жеткізудің ұзақ кідірілген күні басталғаннан кейін Сатып алушызандарға сәйкес қолданыстағы қандай да бір құқықтық қорғау құралдарын шектемей, төмендегілерге құқылы:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| a)   | отказаться от приема любой последующей предлагаемой поставки Товаров;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | кез келген кейіннен ұсынылатын Тауар жеткізілімін қабылдаудан бас тарта алады;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| b)   | немедленно расторгнуть Договор Поставки или отказать от него (отказ от договора) и потребовать возврата той части Суммы, которая была уплачена Поставщику;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Жеткізу шартын дереу бұза алады немесе одан бас тарта алады (шартты орындаудан бас тарту) және Жеткізушіге төленген соманың бір бөлігін қайтаруды талап ете алады;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| c)   | отказаться от недопоставленной части Товара по Договору Поставки, приобрести товары из альтернативного источника (включая Компании Покупателя) и взыскать с Поставщика стоимость таких товаров, приобретенных у поставщика – третьей стороны; или                                                                                                                                                                                                                                                        | Жеткізу шарты бойынша Тауардың жеткізілмеген бөлігінен бас тартуға, тауарларды баламалы көзден (Сатып алушының Компаниясын қоса алғанда) сатып алуға және жеткізуші – үшінші тараптан сатып алынған осындай тауарлардың құнын Жеткізушіден өндіріп алуға; немесе                                                                                                                                                                                                                                                             |
| d)   | потребовать от Поставщика использования другого вида доставки (например, Air Express), предложенного Покупателем, за счет Поставщика.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Жеткізушіден Жеткізушінің есебінен Сатып алушы ұсынған жеткізудің басқа түрін (мысалы, Air Express) пайдалануды талап ете алады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| 6.10 | В случае непредоставления Поставщиком данных в сроки, указанных в Статьях 10.4 и 10.5 Договора, Поставщик, в случае привлечения Покупателя к административной ответственности в связи с несвоевременным/некорректным предоставлением СНТ                                                                                                                                                                                                                                                                 | Жеткізуші Шарттың 10.4 және 10.5-баптарында көрсетілген мерзімдерде деректерді ұсынбаған жағдайда, Жеткізуші Сатып алушыны өзінің кінәсінен ТСН-ны уақытылы/дұрыс ұсынбауына байланысты оны әкімшілік жауапкершілікке тартқан жағдайда,                                                                                                                                                                                                                                                                                      |



|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|      | по вине Поставщика, обязан возместить Покупателю (путем удержания или оплатой, по усмотрению Покупателя) все наложенные на него штрафы, и подписать при этом соответствующий акт сверки взаиморасчетов.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Сатып алушыға (Сатып алушының қалауы бойынша ұстап қалу немесе төлеу арқылы) салынған барлық айыппұлдарды өтеуге және бұл ретте өзара есеп айырысуларды салыстырып тексерудің тиісті актісіне қол қоюға міндетті.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| 6.11 | За отказ от поставки Товара Поставщик уплачивает Покупателю штраф в размере 20 (двадцать) % от суммы не поставленного по Договору Товара.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Тауарды жеткізуден бас тартқаны үшін Жеткізуші Сатып алушыға Шарт бойынша жеткізілмеген Тауар сомасының 20 (жиырма) % мөлшерінде айыппұл төлейді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
